АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

11.02.2026

Үшарал қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 47

город Ушарал

Жасалған дайын сметалық құжаттаманы түзету жұмыстарын бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Жасалған дайын сметалық құжаттаманы түзету жұмыстарын 16-баптың 3-тармағының 28) -тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А.Абишев**

001881

Қарсы емес пін

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишевқа

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Осы қызметтік жазба арқылы жасалған дайын сметалық құжаттаманы түзету жұмыстарының қажеттілігін хабарлаймын.

Жобаны іске асыру барысында сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу қажеттілігі туындауына байланысты, қолданыстағы сметалық құжаттаманы түзету жұмыстарын шұғыл түрде жүргізу қажет болып отыр. Жұмыстарды қысқа мерзімде әрі сапалы орындау мақсатында, сондай-ақ құжаттаманың техникалық ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Осыған орай, жоғарыда көрсетілген заң нормасына сәйкес жасалған дайын сметалық құжаттаманы түзету жұмыстарын бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімін жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**